

Соңғы жылдары біз №44 А (К) ЖББМ-те барлық қызметкерлері үшін алғашқы көмек көрсету дағдыларына үйретуді ұйымдастырамыз. Әрбір адамға алғашқы жәрдем көрсету негіздерін білу артық болмайды деп ойлаймын, себебі гипотезалық жағынан кез келген адам өмірінде дұрыс көрсетілген алғашқы көмектің арқасында басқа адамның өміріне байланысты болатын жағдайға тап болуы мүмкін. Осындай білімнің қажеттілігін сезінетін адамдарымыздың бар екендігі куантады, себебі бізге білім алғысы келетіндер адамдардың саны аз емес.

3-ші мәселе бойынша :

Мектеп директоры Гумарова Г.У.- Балалардың себепсіз сабақ қалдырмауын, бос уақытын тиімді пайдалану жолдарын қарастыру, ата-аналар тарапынан бақылау, қадағалау жүргізу керек жасөспірімдер арасында құқықбұзушылық фактілерін болдырмау үшін .

Жасөспірімдер арасында құқықбұзушылықтың алдын алудың тиімді жолдары мен ұсыныстарын атап көрсетер болсам:

- 1.Мектеп табалдырығын жаңа аттаған жасөспірімдердің ата-анасымен тығыз байланыста болу
 - 2.Танымдық тәрбие сағаттарын жеткілікті ақпараттармен рухани құндылықтарымен бай өткізу (класс сағаттарының уақытында өткізілуі)
 - 3.Құқықтық тәрбиенің берілуіне аса мән беру (қосымша негізгі бағдарламаның берілуі)
 - 4.Ұсақ түйек құқықбұзушылық кезінде мектеп психологымен , мектеп әкімшілігімен, ата-анамен тығыз байланыста болу (кластағы болмашы іс-әрекеттерге жай қарамау)
 - 5.Мектеп жарғысының , мектеп ережесінің орындалуына аса мән беру (сабақтан кешікпеу, таңғы жаттығуға қатысымы, сабақ кезіндегі, қоңырау уақытындағы тәртібі, мектеп формасын сақтауы, мектеп мүлкіне жауапкершілікпен қарауы)
 - 6.Оқушылардың бос уақытын тиімді пайдалануын сапалы ұйымдастырылу шаралары (кезекті демалыс, күзгі, қысқы, көктемгі, жазғы демалыс уақыттарын өткізілуіне аса мән берілуі)
 - 7.Жеке пән мұғалімдері класс оқушыларының тәртібіне бей жай қарамай, құқықбұзушылықтың алдын алу шараларына ат салысуы
- Ендеше келешек ғұмырымызды жалғастырар ұрпағымыздың тәрбиесімен осы кезден бастап айналысып, жасөспірімдеріміздің болашағына дұрыс бағдар беріп рухани жандүниесін байытып, «елім, жұртым» – деп тұратын азамат етіп өсірейік.» делінген дәлелдеме ақпаратпен сөзін аяқталды.

4-ші мәселе бойынша Қамқоршылық кеңесінің төрағасы Н.О. Жумагулов № 397 30.11.2021. Ақтөбе қаласының білім бөлім басшысы М.О. Қосымбаеваның бұйрығымен таныстырды:

Қазақстан Республикасының 2021 жылғы 23 қаңтардағы « Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзу басқару туралы» № 148 Заңының 29 б., ҚР үкіметінің 29.08.2001. «Мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен ҚР органдарының қызметкерлеріне сыйлық беру, материалдық көмек беру және лауазымдық жалақысына үстемеақылар белгілеу ережесін бекіту туралы» № 1127 қаулысының 3 т. 6 т. және ҚРҰ 31.12.2015. « Азаматтық қызметкерлерге мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен ұсталатын ұйымдардың қызметкерлеріне, қазыналық кәсіпорындарының қызметкерлеріне еңбек ақы төлей жүйесі туралы» №1193 қаулысының 5,6 т., Ақтөбе облысы әкімінің 24.11.2021. «Сыйақы беру туралы» № 346 -Өкімене және « Ақтөбе облысының білім басқармасы» ММ-нің 30.11.2021. «Сыйақы беру туралы» № 324 бұйрығына сәйкес « 1 желтоқсан -ҚР Тұңғыш Президент күні», « 16 желтоқсан ҚР Тәуелсіздік күні» мерекелерінің және Жаңа жыл мейрамының құрметіне берілетін сыйақы туралы .

Смагулова Салима Төкешовна сөз алды: